


## «ЖЕТІ ТҰҒЫР» - КИЕЛІ ҰҒЫМ!



«Елдіктің жеті тұғыры» болашақ ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия. Тәуелсіздік, бірлік пен келісім, қасиетті жер, отбасы мен салт-дәстүр, ұлт мәдениеті, білім мен еңбек, прагматизм. Әлбетте, бұл тұғырды тиянақтау мен іске асыру жаңа буынға аманат. Аманатқа қиянат жасамау, мемлекеттің тұрақтылығын сақтап қалу отбасы сияқты қарапайым құндылықтарды дәріптеуден басталады. Себебі әрбір отбасы мемлекеттің бастауы.

Мемлекет қанша жерден экономикалық дамыған, мәдениеті жоғары болса да, әлеуметтік орта ыңғайлы болса да отбасындағы эмоционалды климат ыңғайсыз болса, ол мемлекетте тұру да кедергі келтіреді адамдарға. Сондықтан ең алдымен отбасы институтын қадағалап, сол отбасындағы әлеуметтік рөлдердің

атқарылуын, әкенің әке болып, ананың ана болып жауапкершілік алатынын ұмытпауымыз керек.

Мемлекеттілігімізді қадірлеп, көздің қарашығындай қорғау – әркімге де міндет. Алайда экономикалық жетістіксіз мемлекет болып қалыптасу екіталай. Әсіресе дәл қазіргідей дүниежүзін экономикалық дағдарыс жайлаған шақта бұл өте өзекті мәселенің бірі. ал этникалық әралуандық – біртұтас ұл ретінде қалыптасқан халқымыздың артықшылығы. Себебі бірлік пен келісім болмаған жерде тұрақтылық та мәнін жояды.

Бірлік пен келісім елдіміміздің мызғымас тұғыры. Бұл болмаса жетістікке жетпес едік. Ал енді ерекше айта жүретін ұрпақтан ұрпаққа. Жер мәселесін айтты. Ата-бабадан қалған қасиетті ұғым екенін айтты.

Жеті тұғырда ұлттық мәдениет - халықтың рухани тірегі делінген. Себебі жахандану заманында материалдық құндылықпен қатар рухани байлық та қатар жүруі тиіс. Заманауи бәсекеге қабілетті болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух қажет екені де осы қағидаттарда айтылады.

**ТОҚТАБЕК А., ОТУНШИЕВА А.**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ,**  
**«Стандарттау және**  
**сертификаттау» кафедрасының**  
**магистр, аға оқытушылары.**